

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1653.

Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.28. N 674 қаулысымен. ~P970674

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппаратының құрылымы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Министрдің 6 орынбасарын, оның ішінде екі бірінші орынбасар, сондай-ақ 15 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес 20 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Экономикалық зерттеулер институтына осы институтқа 1997 және одан арғы жылдарға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өтінімдері бойынша қаржы-бюджет проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау жүктелсін.

Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен бірлесіп осы проблемалар бойынша зерттеулер тақырыптамасының бағытын айқындасын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген

мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1812

P951812_
қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1812 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 наурыздағы N 312

P960312_
қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі N 1117

P961117_

қаулысының 2-тармағы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1653 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық
Мемлекеттік бюджет департаменті
Әлеуметтік сала департаменті
Салық реформасы департаменті
Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі департамент
Заң қызметі департаменті
Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі департамент
Кірістерді болжамдау департаменті
Қорғаныс кешені және құқық қорғау органдары басқармасы
Мемлекеттік аппарат басқармасы
Кадр және оқу орындары басқармасы
Баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1653 қаулысына
2-қосымша

Қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті

бірлік

Барлығы

20

оның ішінде:

Қаржы министрлігінің орталық аппараты үшін 8

Қазынашылық орталық аппараты үшін	4
Қаржы-бақылау комитетінің орталық аппараты үшін	4
Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеттің орталық аппараты үшін	4